

Мәслихаттың 2010 жылғы 28 шілдедегі № 346 "Лисаков қаласындағы Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2012 жылғы 16 тамыздағы № 54 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 22 тамызда № 9-4-212 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2015 жылғы 29 сәуірдегі № 297 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 29.04.2015 № 297 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына сәйкес Лисаков қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Мәслихаттың "Лисаков қаласындағы Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы" 2010 жылғы 28 шілдедегі № 346 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9-4-170 нөмірімен тіркелген, 2010 жылғы 9 қыркүйекте "Лисаковская новь" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасында:

1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Лисаков қаласының әкімшілік аумағында тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (а з а м а т т а р ғ а) :

жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (а з а м а т т а р ғ а) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстар т ө л е м і н е ;

тұрғын жайдың меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерін т ұ т ы н у т ө л е м і н е ;

байланыс саласындағы заңнамада белгіленген тәртіпте тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) телекоммуникацияның желісіне қосылған телефонға

абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін төлеуге; жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысын төлеуге; жекешелендірілген үй-жайларда (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде тұрып жатқандарға тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге ұсынылады.

Лисаков қаласының әкімшілік аумағында тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу үшін жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша, сондай-ақ жекешелендірілген тұрғын үй-жайларында (пәтерлерде), жеке тұрғын үйде пайдалануда тұрған дәлдік сыныбы 2,5 электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің орнына орнатылатын тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құнын төлеуге жеткізуші ұсынған шот бойынша тұрғын үй көмегі республикалық бюджет қаражаты е с е б і н е н к ө р с е т і л е д і .

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге алынатын шығыстары, жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.";

3-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Уәкілетті органға құжаттардың түпқұжаттары және көшірмелері ұсынылады. Салыстырғаннан кейін құжаттар өтініш берушіге қайтарылады.

Жыл ағымында қайта өтініш бергенде, егер бұрынғы ұсынылған құжаттарда өзгерістер болмаса, құжаттар халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы түскен жағдайларын қоспағанда, мәліметтер көшірмелерді ұсынусыз осы құжаттар түпнұсқаларының негізінде нақтыланады.

Уәкілетті органның қызметкерлерімен расталған құжаттардың көшірмесі іске қ а л ы п т а с т ы р а д ы . " ;

6-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Тұрғын үй көмегі өтініш берілген айдан бастап тағайындалады және аз қамтылған отбасы (азамат) өтініш жасаған бүкіл ағымдағы тоқсанға көрсетіледі." ;

12-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Тұрғын үй көмегі тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстау, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникацияның желісіне қосылған телефонға абоненттік ақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтыну,

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысы, тәулік уақыты бойынша электр энергиясының шығынын саралап есепке алатын және бақылайтын, дәлдік сыныбы 1-ден төмен емес электр энергиясын бір фазалық есептеуіштің құны шығындарының төлем сомасы арасындағы айырмашылық ретінде, нормалар және отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға шығындарының шекті жол берілетін деңгейі шегінде айқындалады."

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезектен тыс сессияның
төрайымы, қалалық
мәслихатының хатшысы Г. Жарылқасымова
КЕЛІСІЛДІ:

"Лисаков қаласы әкімдігінің
жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесі бастығының
міндетін атқарушы

_____ Л.Бочаренко

"Лисаков қаласы әкімдігінің
экономика және бюджеттік жоспарлау
бөлімі" мемлекеттік мекемесі
бастығының міндетін атқарушы

_____ В. Денисенко